

Дәдебаев Ж., Мұсалы А.,
Бисенбаев П.

**Нұрсұлтан Назарбаевтың
«Тәуелсіздік толғауы» туралы
толғанысы**

Мақала Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» туралы. «Тәуелсіздік толғауы» 2014 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында жарияланды. «Тәуелсіздік толғауында» өмірдің шындық құбылыстары ойлар мен толғаныстар, тұжырым, пікір, идея түрінде пайымдалады. Толғаудың маңызы мен мәні мына бағыттар бойынша пайымдалады: тәуелсіздік – халқымыздың басты құндылығы; тәуелсіздіктің өмірлік философиясы; тәуелсіздік құндылықтарын нығайту.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, толғау, жанр, эссе, көркемдік, бейнелеу, пікір, идея, өмірлік, құндылық, философия.

Dadebay J., Musaly L.,
Bisenbayev P.

**«Word of independence»
Nursultan Nazarbayev and
reflections on it**

The article is devoted to the comprehension of the content and significance of the festive speech President Nursultan Nazarbayev «The Word of independence», which is released at a solemn meeting on the occasion of Independence Day of the Republic of Kazakhstan December 15, 2014. In the «Lay of independence» reflected the phenomena of reality in the form of ideas and thoughts, opinions and ideas.

Key words: word, independence, genre, essays, art, fine, expression, opinion, idea, value philosophy.

Дадебаев Ж., Мусалы А.,
Бисенбаев П.

**«Слово о независимости»
Н.А. Назарбаева: понимание и
размышления**

Статья посвящена постижению содержания и значения праздничной речи Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Слово о независимости», которая была обнародована на торжественном собрании по случаю Дня Независимости Республики Казахстан 15 декабря 2014 года. В «Слове о независимости» отражены явления действительности в форме мысли и размышления, суждения и идеи. Содержание и значение «Слова о независимости» осмыслены по следующим направлениям: жанровое своеобразие; независимость – главная ценность народа; жизненная философия независимости; укрепление ценностей независимости.

Ключевые слова: слово, независимость, жанр, эссе, художественность, изобразительность, выразительность, суждение, идея, ценность, философия.

**НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ
«ТӘУЕЛСІЗДІК
ТОЛҒАУЫ»
ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫСЫ**

Тәуелсіздік толғауы. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» – эссе жанрының үлгісі. Эссе – әдебиеттің ерекше жанры. Эсседе өмірдің шындық құбылыстары ойлар мен толғаныстар, тұжырым, пікір, идея түрінде пайымдалады. Сонымен қатар эссенің көркемдік-эстетикалық жүйесінде бейнелеу мен суреттеу құралдары, логикалық дәлелдеу амалдары, лирикалық саз бен философиялық ой жұп жазбай, қатар өріледі. «Тәуелсіздік толғауында» өмірдің шындық құбылыстары ойлар мен толғаныстар, тұжырым, пікір, идея түрінде пайымдалады. Автордың өмір шындығын пайымдау мәнерінде көркемдік бейнелеу құралдары мен логикалық дәлелдеу амалдары, лирикалық саз бен философиялық терең ой жұп жазбай, қатар өріледі.

Тәуелсіздік – халқымыздың басты құндылығы. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» 2014 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында жарияланды. Бір күнде жарияланған толғаудың пісіп-жетілуі, жинақталуы, бірбүтін көркемдік-эстетикалық құбылысқа айналуы жылдарға созылды. Өйткені елдің егемендігі, халықтың еркіндігі, мемлекеттің тәуелсіздігі Ел мен Елбасыны ұзақ жылдар бойы сәт сайын ойландырған, өмір бойы толғандыратын қасиетті ұғымдар еді.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы тұңғыш рет тәуелсіз мемлекеттік даму жолын таңдап, егеменді ел ретінде әлемге әйгіленді. Бұл ел өміріндегі жан тебіренерлік тарихи таңдау болды.

Елбасы «Тәуелсіздік толғауында» Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекеттік даму жолын таңдауының өмірлік мәнін мынадай бірнеше сала бойынша ашып көрсетті:

- егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы;
- туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызбен жұмсау таңдауы;
- өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекеттік даму жолын таңдауының тарихи мәні дегенде, есімізде оның осындай сипаттары тұрады.

Елбасы «Тәуелсіздік толғауында» Тәуелсіздік туралы мынадай жалынды ойлар айтты:

«Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі», – деп тебіренді.

«Тәуелсіздік – кешегі батыр бабалар өсиет еткендей, Қазақстанды қасық қаны қалғанша қорғау жөніндегі әрбір азаматтың қайсар шешімі», – деп толғады.

«Тәуелсіздік – жалпыға ортақ еңбек. Ғылым қуып, білім іздеген оқушылар мен студенттердің еңбегі. Еліміздің ұлттық байлығын еселей түсетін барша мамандық иелерінің еңбегі. Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген шексіз сүйіспеншілік дарытатын қазақстандықтардың еңбегі», – деп толғанды.

«Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады», – деп ойланды.

«Ол алтын күні жарқырап, алтын қыраны қалықтаған Қазақ елінің ашық аспаны астында дүниеге келген әрбір сәбидің жүрегіне орнайды», – деп қуанды.

«Ол әрбір азаматтың жүрегінде, әр шаңырақтың төрінде, елімізде бой көтерген әрбір үйде, әрбір қала мен ауылда салтанат құрады», – деп шаттанды.

«Ол – біздің экономикамыздың өсімімен, әрбір жаңа өндіріс орынымен, ұлан-ғайыр Отанымызға төселген әрбір күре жолымен, дала төсіне енген әрбір тонна алтын дәнімен нығаяды», – деп мақтанды.

Бәрі де орынды. Бәрі де телегей-теңіз тарихтан бастау алады, бәрі де күн көзіндей жарықтан таралады.

Қазақ елінің бүкіл өткен өмірі тәуелсіздік үшін күрес дәуірі болды. Ата-бабаларымыз ел тәуелсіздігі үшін күрес жолында халықтың қаны судай құйылған, сүйегі таудай үйілген кезеңдерден өтті. Күндіз күлкіден айрылған, түнде ұйқыдан айрылған замандар болды. Сол замандардың қалың қатпарлары, белендері мен белестері халқымыздың тәуелсіз ел болсақ деген, тәуелсіз мемлекет құрсақ деген, елдігіміз мәңгілік болса екен деген асыл арманының сазына бөленді.

Ел-жұрттың жатқа тәуелділігі жағдайында ұлттық құндылықтарды жоғалтып алу қатері ұдайы төніп тұратыны анық. Жатқа тәуелділіктің барлық ауыртпалығын үн-түнсіз, тұяқ серіппей көтеру құлдық сананың қалыптасуына алып келеді. Құлдық сана қалыптасқан ел ел болудан қалады, өйткені құлдық санаға бой алдырған

әрбір құл өзінің қолындағы құлдық кісенін мақтан көретін дәрежеге жетпей қалмайды. Ердің азуы, елдің тозуы деген осындай болады. Қазақ халқы тарихтың қилы кезеңдерінде, тағдырдың тар жол, тайғақ кешулерінде тәуелсіздік үшін күрес рухын сақтап қалды, қазақ халқының тарихы қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресінің тарихына айналды. Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алған атаның, бала емізіп, бесік тербеткен ананың армансыз күні болмады. Ата да, ана да елдің, елдің өсер өркенінің еркіндігіне, тәуелсіздігіне жетуді арман етті.

Ата-бабаларымыздың Тәуелсіздік туралы сан мың жылдар бойғы асыл арманы ақиқатқа айналды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан халқы Тәуелсіздікке жетті, Мәңгілік елдің ірге тасын қалады. Егеменді даму жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған құндылықтар жасалды. Елбасы солардың қатарынан тәуелсіздігіміздің жеті қазынасы іспетті мынадай жеті құндылықты атап көрсетті:

- Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы;
- қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- зайырлы қоғам және жоғары руханият;
- индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім;
- жалпыға ортақ еңбек қоғамы;
- тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;
- еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіл-әлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Елбасы толғауында көрсетілген осы құндылықтардың әрқайсысының өмірлік маңызы зор. Автордың: «Біз осы құндылықтар арқасында әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік», – деген сөздерінде ел тарихының ерен жетістіктері көрініс тапты.

Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Әдебиет – өмір айнасы. Әдебиетті таныған оқушы одан өмірдің шындығын да таниды. Өмірдің шындығы дегенде, мынаны есте ұстау керек: өмір шындығы адамнан тыс ағып өтіп жатқан құбылыстар емес; өмір дегеніміз – адамның өмірі; өмір шындығы дегеніміз – адам өмірінің шындығы. Ал адам өмірінің шындығының, адамның жанының шындығының ұшы-қиыры болмайды. Жеке тұлға өмір бойы ізденгенде, сол ұшы-қиыры жоқ шындықтың бір қырын ғана тануы мүмкін. Бірақ бір нәрсенің басы ашық, мағынасы айқын: әр адам, әр ұрпақ адам өмірінің ұдайы жақсаруына, адамның өмір сүру

деңгейінің ұдайы жоғарылауына қызмет етуі парыз. Мұндай жағдайда әр адамның, әр ұрпақтың ізденістері мен еңбегінің бағыты мен бағдарын шамшырақтай жарқырап көрсетіп тұратын асыл идеяның болуы аса маңызды.

Халқымыздың қастерлі Тәуелсіздігі – мемлекет басшысын үнемі ойландырған, ойға қалдырған қасиетті ұғым. «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болу керек?» деген, «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы қандай болу керек?» деген сауалдарды Елбасы өзіне сәт сайын қойып отырған. Соған орай Елбасы Тәуелсіздігіміздің бүкіл тарихы бойында маңызды тұжырымдар жасап, мәнді қағидалар қалыптастырды. Сол тұжырымдар мен қағидалар, ойлар мен толғаныстар негізінде болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идеяның негізін қалады. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. «Тәуелсіздік толғауының» шарықтау шегінде Елбасы: «Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Бұл қағидаларды мүлтіксіз сақтай отырып, біз Отанымыздың көк байрағын нық ұстаймыз, оны Қазақстан дамуының жаңа биіктерінде де асқақтата желбіретеміз. Бұл біздің мәңгілік ұстанымымыз», – деп парлады.

Елбасының Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы туралы ойының негізі берік. Елбасы Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алған. Онда тарихи танымның, өмірлік философияның нұрлы ақылдан өнген өміршен болмысының жарығы бар. «Қазақстан-2050» Стратегиясы Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол екенінде сөз жоқ. Мәңгілік Ел идеясы елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі болып табылады. Ол, Елбасы көрсеткендей, «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Сондықтан «Тәуелсіздік толғауының» «Қазақстан-2050» Стратегиясымен үндесіп жатуы оның маңызы мен мәнін арттыра түседі.

«Тәуелсіздік толғауында» жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты байыпталды. Егемендік жылдары қол жеткізген жетістіктеріміздің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру біздің басты міндетіміз екеніне назар аударылды. Біздің басты мақсатымыз 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру екені көрсетілді. Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруда бұл мақсатқа жетудің өмірлік маңызы бар.

Тәуелсіздік құндылықтарын нығайту. «Тәуелсіздік толғауы» елімізді көркейтетін, халықтың өркенін өсіретін, еліміздің өмірін, тұрмыс-тіршілігін ұдайы жақсартатын нақты практикалық іс-шараларды жүзеге асыруға, Тәуелсіздік құндылықтарын нығайтуға, бейбітшілікті, келісім мен бірлікті қадірлеуге, ұлттық дәстүрлерімізді сақтау мен дамытуға шақырады. Бұл өте маңызды. Қоғамдағы азаматтық татулық, келісім мен бірлік, бейбітшілік, ұлттық дәстүрлеріміз – Тәуелсіздік құндылықтары. Оларды сақтау мен нығайту мақсатындағы іс-шаралар өзінен-өзі жүзеге аспайды. Мұндай ұлы мақсаттар мен міндеттерді іс жүзіне асыруда әрбір қоғам мүшесінің, кәмелетке толған әрбір жастың азаматтық тұрғысы, биік ұстанымы, ерен еңбегі, ол еңбектің өнбегі айрықша маңызды. Өсер өркеннің Ел Тәуелсіздігі, Елдің еңбегі, ол еңбектің өнбегі туралы азаматтық биік көзқарасының қалыптасуына, Елдің еңбек етуіне, ол еңбектің өнбегі болуына тиісті жағдай жасау – мемлекеттің басты міндеті. Елдің еңбек етуге даярлығы, елдің еңбек етуіне мемлекеттің тиісті жағдай жасау мүмкіншілігінің болуы – ел өміріндегі үлкен жетістік. Осы ретте мемлекет басшысының мына ескертуін есте ұстау керек: «Біз 2050-дің мақсатына қарай күрделі жаһандық бәсекелестік жағдайында ілгерілейміз. Алдағы онжылдықтарда біз қазірдің өзінде біліп отырған сын-қатерлер, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы болжаусыз жағдайлар, жаңа дағдарыстар аз кездеспейді. ХХІ ғасырда «жеңіл-желпі жүріп өту» деген болмайды».

«Қазақстан–2050» Стратегиясы – жастардың, еліміздің өсер өркенінің Стратегиясы. Стратегияны іс жүзіне асырудың игілігін жастар көреді. Сондықтан жастардың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында негізделген қағидаларға, мақсаттар мен міндеттерге сай өз білімінің сапасын үздіксіз жақсартуы, өзінің кәсіби құзіреттілігін ұдайы арттыруы қажеттігіне «Тәуелсіздік толғауында» үлкен мән берілді.

Толғау еліміздің күллі азаматтарына, жалынды жастарға, бүгінгі буынның ерен істерін лайықты жалғастыратын ертеңгі ұрпаққа арналған. Еліміздің күллі азаматтары, жалынды жастар тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен көркеюі жолында ерінбей еңбек етуі аса маңызды. Әркім жоғары сапалы еңбегінің игілігін өзі көруі және айналасына, еліне көрсетуі шарт. Әрине, адам өзі үшін де еңбек етуі қажет. Өзі үшін еңбек етпеген адам қалай күн көрмек? Бірақ Абай: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың».

Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», – деген жоқ па? Ақыл тоқтатқан, ар ойлаған адам өзі үшін ғана еңбек етпейді, айналасының, елдің игілігі үшін де еңбек етеді. Ар ойлаған, ақыл тоқтатқан адамның еңбегі өзі үшін де, айналасы үшін де, ел үшін де игілікті болады. Абайдың «адамшылықтың қарызы үшін еңбек қыл» деуінің мәнісі осында. Дана халқымыз: «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне», – деген. Ер туған жерін гүлдендіріп, туған елінің ынтымағы мен бірлігін қорғайды, туған елінің өсіп-өркендеуі үшін еңбек етеді. Атамекен, Отан туралы танымы терең, түсінігі берік жан өзінің білімін, ақыл-ойын, еңбегін туған жері мен туған елінің өсіп-өркендеуі, гүлденуі үшін жұмсайды. «Тәуелсіздік толғауы» елді, ел азаматтарын, жалынды жастарды осындай ұлы мақсаттар мен міндеттерді іс жүзіне асыруға жігерлендіреді, болашақ алдындағы азаматтық парызы мен адамшылық қарызын адал орындауға құлшындырады. Бұл ретте Елбасының мына тұжырымын оқып, көңілге ықыласпен тоқып алудың өмірлік маңызы бар: «Егер ел өз бағыты мен баратын айлағын білмесе, ешқандай жел оңынан соқпайды. 2050 Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді».

Әрине, сын-қатерлер, болжаусыз жағдайлар, дағдарыстар болады. Оған әркім әрқашан дайын болуы қажет. Ал еліміздің өсер өркені, жалынды жастар ХХІ ғасырдағы сын-қатерлерге, болжаусыз жағдайларға, жаңа дағдарыстарға дайын болу дегенді әрбір дағдарысты жағдайдан сүрінбей өтуге, әрбір дағдарысты жағдайдан мүмкіндігінше шығынсыз, тіпті пайдамен шығуға қабілетті, құзіретті болу деп түсінуі шарт. Өйткені елдің, мемлекеттің, халықтың болашағы жастардың қолында. Жас өркендері қабілетті, тату, терең ойлы ел – құзіретті ел. Құзіретті ел – құдіретті ел.

Елбасы өз толғауында ХХІ ғасырда халық тағдырын айқындайтын мынадай екі қағиданы ерекше атап көрсетті: «Бірінші. Бұл ұрпақтар мен құндылықтар сабақтастығы. Екінші. Ұлттың серпінділігі, жастардың инновациялылығы».

«Қазақстан-2050» Стратегиясы, оның нақты міндеттерін орындау бағыттарын анықтаған кейінгі Жолдаулар мен Толғаулар жастардың әлемдік еңбек алаңында бәсекеге қабілетті, өз бақыты, өз елінің игілігі үшін ерен еңбек ететін жоғары білікті маман болып қалыптасуына қажетті барлық жағдайлар жасауды және жасалған жағдайларды ұдайы жақсартуды көздейді. Соған орай еліміздің әрбір жас өркені әлемдік еңбек алаңында бәсекеге қабілетті, өз бақыты, өз елінің игілігі үшін ерен еңбек ететін білікті адам болуға ұмтылуы парыз.

Әдебиеттер

- 1 Текст выступления Главы государства 15 декабря 2014 года «Слово о Независимости».
- 2 Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, екінші том. – Алматы: «Ғылым», 1977, 183-б.

References

- 1 Tekst vystupleniya Glavy gosudarstva 15 dekabrya 2014 goda «Slovo o Nezavisimosti»
- 2 Abai Kunanbaev. Shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk jinagi, ekinshi tom. – Almaty: «Gylym», 1977, 183-bet